

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ӘСЕРІ

¹Нұрышева Гүлжихан Жұмабайқызы,

²Тайженбетова Айгүл Бижанқызы

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(Алматы, Қазақстан)

¹gulzhikhan-nurysheva@yandex.kz ²aigul.bizhanovna@mail.ru

¹Nurysheva Gulzhikhan, ²Taizhenbetova Aigul

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹gulzhikhan-nurysheva@yandex.kz, ²aigul.bizhanovna@mail.ru

Аңдатпа. Өткен ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының ұлттық-демократиялық бағыттағы ой-толғамдары қоғамдық санаға күшті қозғау салған, социумның жоғары деңгейде ұйымдасуына ықпал жасаған алғышарт болатын. Түрлі пікірлер мен көзқарастар, теориялар пайда болып тарап жатқан кезеңде ұлттық мемлекетті құру жолын қарастырған қазақ интеллигенциясының шығармашылық ізденістері қоғамдық санаға тиімді әсер етіп, сол кезеңнің өзінде және болашақта ұлттың қалыптасуына және өзін-өзі айқындауына жол ашты.

Мақалада тоталитарлық режимге қарсылық білдіре отырып ұлттық мемлекеттілікті құруға ұмтылған қазақ интеллигенция өкілдерінің мемлекеттің саяси және мәдени өміріне қатысты толғамдарының идеологиялық қырына философиялық талдау жасалады. Алашорда үкіметінің ұлттық және либералды-демократиялық сипаттағы идеяларының бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның саяси дамуы үшін маңыздылығы зор екендігі көрсетіледі.

Саяси шырғалаң кезеңдерде қазақ интеллигенциясының әлеуметтік-философиялық ойлары мен ұстанымдары қоғам үшін басты бағдар болып, ұлттың ортақ құндылықтар төңірегінде топтасуына, мүдделестік рухының қалыптасуына негіз қалады. Саяси тәуелсіздікті, жер мен елдің бүтіндігі мен ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қазақ елін жаңа саяси-мәдени өзгерістерге бейімдеу оларды ортақ мақсат, ортақ идея жолында біріктірді. Еркіндік, теңдік, бостандық, халықты саяси сауаттандыру, сөз бостандығын, баспасөз бостандығын, адам құқығының және ұлттық құндылықтардың сақталуын, тең мүмкіндіктің берілуін, әйел бостандығын талап ету әрекеттері зиялылар ілімінің идеологиялық бағытының кең ауқымдылығын көрсетеді.

Авторлар қазақ интеллигенциясының әлеуметтік-философиялық идеяларының қоғамдық санаға тигізер ықпалын зерделей отырып, ұлтты біріктірудегі рөлі мен ағартушылық әлеуетін бағамдайды.

Түйін сөздер: қазақ интеллигенциясы, «Алаш» партиясы, Алашорда, кеңес үкіметі, қоғамдық сана, әлеуметтік-философиялық идеялар, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтары Ресей империясы халықтарының, оның ішінде қазақтардың ұлттық сана-сезімінің қарқынды өсу кезеңі болды. Бұл қоғамдық-саяси өмірдің жандануы, мәдени прогресс, ұлттық тілдердің қалыптасуы, әдебиет пен баспасөздің дамуы, жаңа идеологиялық тұжырымдамалардың таралуы (пантюркизм, панисламизм, пантуранизм), реформистік қозғалыстар (джадидизм) және тағы да басқаларын қамтыды. Әлемдік дағдарыс, Бірінші дүниежүзілік соғыс, революциялар, азаматтық соғыс және патша үкіметінің жойылуы, КСРО-ның қалыптасуы сынды сол кездегі шешуші геосаяси оқиғалар оларға белсенді қатысушылардың бәрінің саяси өмірбаяны мен саяси мұрасын анықтайтын негізгі көрсеткіштерге айналды.

Сол себепті, XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-философиялық идеялардың уақыт талабына сәйкес дамуын әлемдік тарихи өзгерістерден бөле-жара қарастыру мүмкін емес.

Жаңа ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар барлық халықтардың саяси және мәдени тәуелсіздік идеясы құндылықтарының пайда болуына негіз қалап, интеллигенцияның қоғамдағы рөлінің артуына әкелді.

XX ғасырдың басында Ресейлік отарлау саясатына қарсы қалыптасқан ұлттық көзқарас тәуелсіздік, алаш ұғымдарымен қатар құқықтық мемлекет, демократиялық принциптерге арқа сүйейтін түсініктер құрылымымен ерекшеленді. Алдыңғысы барша қазақты біріктірген елдік ұран болса, кейінгі түсініктер Батыс қоғамындағы мемлекеттердің іргетасына айналған құндылықтарды қамтыды. Бір сөзбен айтқанда ресейлік отарлау саясатының құқықтық-ұйымдастырушылық формасы қазақ интеллигенциясының ұстанымы мен көзқарастарына әсер етті деуге толық негіз бар.

Бұл қазақ қоғамында Қазақстанның тәуелсіздігін көксейтін либерал-демократиялық бағыттағы интеллигенция өкілдерін саяси сахнаға шығарды. Қазақ қоғамындағы ағартушылық бағытының фундаментальды сипат алып, насихаттала бастауы да осы кезеңментүспа-түс келген еді. Қазақ интеллигенциясының қоғамдағы ерекше қабат ретінде қалыптасуына, қазақ оқымыстыларының өсіп шығуына Ресей ойшылдары мен қазақ ағартушылық бағытының ірі өкілдерінің терең ойлары мен рухани-мәдени мұрасы ғасыр басындағы ұлттық интеллигенцияның тәуелсіздікке жету жолындағы мұраттарын айқындап, онымен үйлесіп жатты.

Ағартушылық бағытын айқындайтын білім, ғылым, мәдениетке шақырутұжырымының астарындабостандық пен теңдікке жетудің басты жолы – халықтың көзін ашу, білімділердің қатарын көбейту түсінігімен байланысып жатты. Ағартушылық саяси-философиялық тұжырым ретінде жиырмасыншы ғасырдың басындағы реформаторлық бағыттағы интеллигенция өкілдерінің басты ұстанымының біріне айналды. Тұтас ұлттың рухани-

мәдени болмысын, тұрмыс-тіршілігін алғаш сыни тұрғыда пайымдаған Абай ілімі интеллигенция өкілдерімен қатар тұтас ұлттың саяси санасына ықпал жасап, тығырықтан шығудың жолын меңзеді. Бұл бір жағынан қазақ қоғамының сауаттана түсуіне алғышарт болды. Ресейде білім алған қазақ интеллигенциясының қатары молайып, олар ұлтты қазіргі мүшкіл күйінен шығарудың тетіктерін іздей бастады.

Зерттеу әдіснамасы

Қазақ интеллигенциясының әлеуметтік-философиялық идеялары алдымен олардың шығармаларында, баспа беттерінде жарық көрген мақалаларында кезігетіндіктен зерттеу аясында ұлт зиялыларының еңбектеріне шолу жасалып, салыстырмалы тарихи талдау жасалды. Сондай-ақ, тарихи деректер, талдау құжаттары, ғалымдардың ізденістері зерделенді.

Тарихи-функционалдық әдіс ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ахуалдың ерекшелігіне қарай қазақ интеллигенциясы көтерген мәселелердің идеялық мәніне, заманауилығын пайымдауға мүмкіндік береді. Қалыптасқан жағдайға байланысты әлеуметтік-философиялық идеялардың мотивтері талдана отырып, оның бағыттаушы-анықтаушылық ролі айқындалады.

Мақаланың әдіснамалық негізі ретінде тарихи философиялық, философиялық антропологиялық, диалектикалық, герменевтикалық, сипаттау, баяндау, салыстыру, сыни ойлау әдістері қолданылды.

Қазақ интеллигенциясының саяси-философиялық көзқарастарының басты бағыттары мен қалыптасу кезеңдері

ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамындағы интеллигенция өзінің саяси бағыттары мен әлеуметтік құрамына қарай олар үш топқа бөлінді.

Бірінші топ – «Алаш» либерал-демократиялық партиясының өкілдері. «Алаш» партиясы Ресейдің құрамындағы қазақтардың автономиясын алуға ұмтылды. Алаш интеллигенциясының басым көпшілігі қоғамның ауқатты бөлігі еді және олар Еуропа елдерінде, Ресейдің Санкт-Петербург, Мәскеу және басқа қалаларында жоғары білім алды.

Ұлттық интеллигенцияның келесі тобы – Түркия бағытын ұстанып, «тюркофил» деп аталған мұсылман қозғалысының мүшелері.

Социалистік бағыттағы көзқарасты ұстанған шағын және әлсіз қазақ интеллигенциясының үшінші тобы – кедей малшылар мен жер иелерінің отбасыларынан шыққан өкілдер. Бұл топтың өкілдері 1917 жылғы ақпаннан кейін өздерінің ұйымы мен баспа орталықтарын құра бастады [1, 8-13 б.].

Қазақ интеллигенциясының әлеуметтік-философиялық, саяси көзқарастары мен ұстанымдарына оңды ықпал еткен жағдаяттардың негізгісі – жоғарыда баяндағанымыздай, қым-қуыт, күрделі тарихи оқиғалар

қатарының кезендесуі. Олар қазақ оқымыстыларының қоғамдық ортада танымалдылығының артуына, беделінің өсуіне және тұлғалық қалыптасуына жағдай жасады.

Дегенмен, қазақ интеллигенция өкілдері көтерген, бастамашы болған саяси-философиялық, дүниетанымдық ойлары бірлік, ағартушылық сарында дамыды. Саяси-философиялық ойдың бұлайша даму үрдісі қоғамдық-саяси процестермен тығыз байланыста болды. Егер тарихқа шегініс жасайтын болсақ, мән беретін жайттардың бірі – қазақ хандығы кезеңінде бірлік идеясы құндылық ретінде басты орынға көтерілсе, XX ғасырдағы қазақ қоғамында ағартушылық идеология құралы ретінде басым бағытқа айналды. Ғылым мен білімсіз ілгерілеу мүмкін еместігін жете түсінген Жүсіпбек Аймауытов білім алудың, оның қазақтың сана-сезімін ояту үшін керек екенін былай жеткізеді: «Ғылымды кісінің білімі де күшті, білегі де күшті, надан кісі осал, құр қол кісі сияқты-алыса кетсе айлалы, азулы кісі нашар кісіні алып соғатыны апанық. Бұлай болған соң басқаның аузында кетпей, тіршілік қылайын деген жұрт мәденилікке жармаспасқа шарасы жоқ» [2, 3 б.].

Қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігін екі кезеңге бөліп көрсетуге болады. Алғашқысы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы патшалық Ресейдің құрамындағы кезең, келесісі – пролетариат диктатурасы орнаған Кеңестік билік тұсындағы оқиғалар. Қазақ интеллигенциясының іс-қимылы, саяси-философиялық ойлары мен бағыт-бағдары осы аталған саяси формациялар кезінде ерекшеленіп отырды. Алғашқысы белсенді қоғамдық-саяси іс-шараларымен белгілі болса, кейінгісі көбірек саяси ымырашылдыққа негізделді.

Интеллигенция өкілдерінің қоғамдық-саяси белсенділігі уақыт аясында олардың ұстанған бағытына байланысты өзгеріп отырды. Кеңес үкіметі орнағанға дейін және белгілі бір уақыт ішінде кеңестік репрессиялық саясат алаштық интеллигенция өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметін шектегенге дейін Алаш қозғалысы қазақ қоғамының саяси күн тәртібін айқындаушы болды. Кеңес үкіметінің орнауымен қазақ интеллигенциясының социалистік бағытындағы өкілдерінің белсенділігі артты.

Екі бағыттағы қазақ интеллигенция өкілдерінің қазақ қоғамын ұйымдастыру, мемлекеттілік, басқару формасы және басқа да түйткілді мәселелерде көзқарастары мен ұстанымдары қабыспай жатса да, ұлттың болашағы, оны сақтап қалу жолында қазақ интеллигенциясының мақсаты бір болды.

Сол кездегі қазақ интеллигенциясының сана-сезімі мен саяси-қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен әсерлерді Жүсіпбек Аймауытов былай баяндайды: «Бір жағынан үй-іші – әкеге, әлеумет – ру басыға бағынған, тапқа жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып-өскен болса, екінші – татар медресесінде оқып, түрікшілік, исламдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдықтың зардабы қазақтың ұлтшылдық

сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші-орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса... Сөз жоқ, ұлтшыл түрікшіл, санашыл, дарашыл, ақын болып шығуы керек» [3, 401 б.].

Кеңес үкіметі орнаған тұстағы қазақ интеллигенциясының қызметі ұлттық-мемлекеттік құрылымды қарқынды қайта құрулармен белгілі болды. Бастапқы кезеңде ұлттық салада бірінші орынға жерге орналастыру, кедейленген аймақтарды әлеуметтік қолдау, мәдениет пен білімді қолдау, шаруашылық және қоғамдық өмірдің барлық салаларында ұлттық кадрларды даярлау, пролетариат диктатурасы мен ұлттық өкілді мекемені және жергілікті басқаруды қамтамасыз ететін билік органдарын құру жатқызылды.

Қазақинтеллигенциясыныңқоғамдық-саясиойларыныңбастыбағыттарын Алаш партиясының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың көзқарастары мен пікірлерінен табуға болады. Оның қазақ интеллигенциясының саяси ұстанымын айқындаған басты тұлға болғандығын архив құжаттары мен зерттеушілердің еңбектерінен және оның атқарған рөлінен көре аламыз.

Ресейлік зерттеушілер Соломон Брайнин мен Шолом Шафиро ол туралы былай дейді: «Біздің ойымызша, қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси көзқарастараның қалыптасуына бірінші кезекте орыс буржуазиялық-демократиялық қозғалысы айтарлықтай әсер етті. Әлихан Бөкейханов қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісінің рухани көшбасшысына айналады. Оның жетекшілігімен 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде атақты «Қарқаралы петициясы» дайындалады. Петицияда қақтығыстың негізгі себептері айқын көрсетіледі. Ол жер, жайылым, дін, білім, тіл, жергілікті басқару жүйесі және сайлау құқығы мәселелерімен байланысты дамыды. Айта кету керек, қақтығыстың басты себебі болған және петицияда көрініс тапқан мәселелердің ешқайсысы өз шешімін таппады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қоянды жәрмеңкесінде қабылданған петиция жалпыұлттық сипат алды және Алаш қозғалысының саяси негізін қалады» [4, 17 б.].

Қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамытудағы интеллигенция өкілдерінің қызметі

Интеллигенция өкілдері ағартушылық бағытта қимылдай отырып, ұлтты тәрбиелеу, ұлтты өзін-өзі сынау арқылы жағымсыз мінез-құлық түрлерінен арылуға шақырды.

Міржақып Дулатовтың 1909 жылы жарыққа шыққан «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы ақынның саяси көзқарастарын айшықтай түсумен қатар, қазақтың қоғамдық санасына зор ықпал етті [5, 11 б.]. Қазақтың азаттық қозғалысының манифесіне айналған бұл жинақта ұлтты ұйқыдан ояту мәселесі концептуалдық дәрежеге көтеріп, оны нақты білім мен білікке

арқа сүйейтін қауырт қимылға құштарлықпен саяси күрескерлікпен сабақтастырды. Әдебиеттегі ояну, ғылым-білімге талпыну мотивінің күрт күшейіп, жаппай жайылуына 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін озық ойлы қауымның ортасында қалыптасқан мемлекетшілдік көңіл-күй себеп болды. XX ғ. қазақ ағартушылары «Ояну» мотивін ұлттық жаңғыруға, өркениет көшіне ғылыммен және біліммен ілесуге шақырудың, бірегейлікке ұмтылыс, серпілуге тұтасуға шақырудың ұраны етті [6, 99 б.].

1911 жылы Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» өлеңдер жинағы жарияланып, ақынның философиялық пайымдары қоғамдық санада үлкен төңкеріс жасады. Жинақтағы жетекші сарындардың бірі – ұйқыдан ояту тақырыбы болуықазакты ояту, яғни, ғылым-білімге үндеу сарынымен байланысты. «Баяғы қалпы, Баяғы салты, Бұл неткен жұрт ұйқышыл?!»; «Талауда малың, Қамауда жаның, Аш көзінді оянып». Тіптен, жинақтың атауы «Үстінде ұйықтағанның айнала ұшқан «Маса» болуы да «оятушы» образына меңзеп, рәміздік мәнге ие болып тұр. Масаның әлсіздігі мен мазасыздығы, нәзік дәрменсіздігі ғұламаның инемен құдық қазғандай надандыққа қарсы толассыз еңбегін бейнелейді. «Жиған-терген» атты өлеңінде ақын, біріншіден қазақ халқының терең ұйқыдағы халіне қамығып, ашына айтады. «Ұйқышыл жұртты, Түксиген мұртты, Обыр обып, сорып тұр. Түн етіп күнін, Көрсетпей мінін, Оятқызбай қорып тұр. Обыр болса қамқорың, Қайнағаны сол сорың! – десе, екіншіден, «Оянған ерге, Ұмтылған жерде, Еруші аз да, серік кем» дейді [7, 56 б.].

Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы үлкен еңбекпен ашқан алғашқы газет –«Қазақ» газетінің жарияланымдарында: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық». «Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық, әрине, аты мен тілі жоғалмаса сақталады»; «Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі – тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ! Қырғыз – өз алдына қырғыз. Түрікмен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел» деп атап көрсеткен [8].

Осы сөздерден сол кезеңнің өзінде-ақ ұлтты айқындайтын сапалық қасиеттердің қысымға түскенін, түрлі саяси құралдардың нысанына айналғанын, қазақ интеллигенциясының ағартушылықты насихаттай отырып, ұлттық бірегейлік мәселелерін көтеруінен қазақ халқының ұлт ретіндегі сақталу мәселелері XX ғасырдың басында өзекті бола бастағанын байқаймыз.

Интеллигенция өкілдерінің саяси пайымдары мен өмірдің көптеген салаларына қатысты тұжырымдарынолардың үлкен саяси өмірге дайындығы, өздерімен бірге халықты да соңынан ертуге, ұйымдастыруға жасаған қадамдары деп қарау керек.

Осы кезеңде Әлихан Бөкейхановтың саяси-құқықтық ойларының негізгілерінің бірі – қазақ даласына өзін-өзі басқару жүйесін ендіру болатын. Өзін-өзі басқару принципі оның алдында Шоқан Уәлихановтың «Сібір ведом-

ство қырғыздарының сот жүйесін реформалау туралы жазбалар» жұмысында кездеседі. Аталған ой Әлихан Бөкейхановтың көптеген мақалаларында кездеседі. Оның пікірінше, жергілікті өзін-өзі басқару земство үлгісінде жүзеге асырылуы тиіс. Земстволық басқару үлгісі далалық өлке халықтарына патша әкімшілігі тарапынан болатын ықпалды төмендетіп, ақша қаражатын тиімді басқару, тұрғындардың өмір сапасын көтеруге мүмкіндіктер беретіндігімен қызықтырды. Земстволық басқаруды ендіру арқылы өзін-өзі басқаруға қол жеткізумен қатар, ұлттың өзін-өзі айқындауына, анықтауына қол жеткізуге болатын еді. Әлихан Бөкейханов: «Земство – бұл жергілікті халықтың көзі мен қорғанышы. Оның шаруаларға несие беретін өз банкісі болады. Земство соттарды сайлауды ұйымдастырып және өзінің милициясын құрады» деп атап өтті. Ойшылдың пікірінше, земство облыстағы, уездегі, болыстағы барлық мәселелерге жауап бере алады. Халық басқарманы, мәжіліс земствоны сайлайды. Оның ойынша, басқарма мен мәжіліс біртұтас орган ретінде қатысатын болса, басшылық бір адамның қолында болады. Осылайша, Әлихан Бөкейханов земствоны ресми мемлекеттік органның баламасы ретінде қарастырды. Ол земствоны қосымша шаруашылық нысаны деп есептемеді, земствоның құзыреттілігі әлдеқайда кең, ал беделі жеткілікті деңгейде биік екендігін түсінді [9, 85 б.].

Қазақ интеллигенциясының қоғамдық санаға ауқымды ықпал жасаған іс-әрекеттерінің бірі – «Қазақ» газетін шығаруды қолға алуы еді. Бұл басылым ұлттық мүддені, ұлттың құндылықтар жүйесін білдіретін идеологиялық маңызды құралға айналды. «Қазақ» газетінде ұлттың жаңа құндылықтық бағдарлары, ұстындары, мұраттары мен аңсары болатын саяси, мәдени көзқарастар желісі насихатталып, көпке жеткізілді. Сөйтіп, қоғамның саяси санасына ықпал жасаған газет ұлтты топтастырушы, жақындастырушы рөл атқарды.

Қазақ интеллигенциясы газет арқылы қоғамдық өмірдің барлық саласын тұжырымдап, ұлттық көзқарастар жүйесін әзірлей отырып, тәуелсіздік идеясын барынша таратып, халықтың саяси санасына ықпал жасады.

Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі кезеңде қазақ интеллигенциясының саяси-философиялық пайымдары мен ұстанымдары қазақ қоғамын «Алаш орда» үкіметінің айналасына топтастыра білді. Бұл қоғамдық санада үлкен өзгерістер мен сілкіністің пайда болғанын, ұлттың бір мақсат, бір мүдде аясында тоғысуын көрсетті. Қазақстан аймағында Алашорда үкіметінің жергілікті ұйымдарының құрыла бастауы, милиция жасақтарының пайда болуы халықтың қолдауынсыз мүмкін емес еді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан жерінде кеңес үкіметінің орнауы тұтас саяси формациялардың ауысуымен қоғамдық-саяси күн тәртібіне түбегейлі өзгерістер әкелді. Жаңа қалып пен өлшемдерді, тәртіп пен ережелерді қабылдау немесе жерсіндіру қажет болды. Бұл жерде де қазақ интеллигенциясының өзіндік ойы мен ұстанымы айқын болды.

Адамдар өміріндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді коммунистер мәдени өзгерістермен бірлікте қарастырды. Мәдени революцияның маңызды міндеттеріне халықтың мәдени құндылықтарын жаңарту, оның санасын өзгерту, жеке адамды қайта тәрбиелеу жатты.

Кеңес үкіметінің әдебиет, театр, кинематография, білім беру мекемелерін қаржылық қолдауы күшті болғанымен олардың үстінен қатал цензура орнатылып, идеологиялық қалыптау кең қолданысқа ие болды. Осындай мақсатпен кіші халықтардың тарихы марксизм-ленинизм шындығымен түсіндірілді. Күшті идеологиялық аппарат қарапайым азаматтардың санасына жаңа кезеңде тарих таңдауы жұмысшы табына түсіп отырғандығын мәлімдеуден еш танбады. Бұл қазақ қоғамындағы кейбір қарапайым азаматтардың кеңес идеологиясына мойынсұнуына әкелді. Ұлы мақсаттар мен саяси тәжірибе арасындағы қарама-қайшылық осылайша айқын көрінді.

Коммунистердің идеологиясында жеке тұлғаға деген қатынас ерекше орын алады. Алдымен ұжым, ұжымдық пікір алдыңғы орынға қойылып, ал жеке тұлғаға коммунизмді құру мен әлемдік социализмді жүзеге асыруға жету жолындағы тетік ретінде қаралды. Адамгершілік мінез-құлқының өзі коммунизмді құру мәселелерін шешу арнасында қаралды. 1920 жылы комсомолдың III съезінде Ленин «Адамгершілік дегеніміз – социализмді құруға атсалысу» деп жариялады. Таптық күресте буржуазиялық мәдениет үнемі пролетарлық мәдениетке қарсы қойылып отырды. Коммунистердің пікірінше, буржуазиялық мәдениетке қарама-қайшы жаңа социалистік мәдениет жұмысшылардың мүддесін білдіріп, пролетариаттың социализм үшін таптық күресіне қызмет жасауы керек деп қарастырылды. Осы қырынан коммунистердің өткеннің мәдени құндылықтарына деген қатынасы анықталды. Олардың ойынша, жаңа мәдениет ұзақ күресте оның реакциялық жақтарын еңсере отырып өзіне ескінің демократиялық элементтерін алады. Осы ұстаныммен олар қазақтың ұлттық мәдениетін де қарастырып, оның төлтума ерекшеліктерінен айыруға талпынды, өзінің таптық-басқыншылық мақсаттарына бағындырғысы келді.

Ал ұлттық негізде мемлекет құруды мақсат еткен қазақ интеллигенциясының ұстанымдары кеңес үкіметінің идеологиялық қондырмасымен қайшы келіп отырды.

Осы кезеңде қазақтың ұлттық интеллигенция өкілдері қоғамдық-саяси өмірден мәжбүрлі түрде шектелді, алайда болып жатқан өзгерістерден тыс қала алмады. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев, Мұхаметжан Тынышпаев және басқаларының баспа беттеріндегі баяндамалары оған негіз бола алады [1, 11 б.].

Олар Кеңес үкіметі зорлықпен жүргізген қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық тұрмыс салтын қайта құру саясатына қарсылық білдіріп, халықтың мәдениеті мен дәстүрін өзді-өзі сақтау идеясын дамытып, прогресске ағартушылық арқылы қол жеткізбек болды.

Интеллигенцияның баспа және әдеби шығармаларында жаңа биліктің таптық шектелгендігі баяндалып, режимге қарсылық айқын көрініс берді. Азаматтық соғыстан кейін ұлттық-демократиялық интеллигенцияның белсенді саяси қызметі күшейіп келе жатқан пролетарлық мемлекеттің тоталитарлық режиміне қарсылығы рухани кеңістікке ауысты.

Кеңес үкіметінің саясатына қарсы ұлттық интеллигенцияның рухани қарсылығының стратегиясы мен тактикасы «Сана» журналы, «Ақжол» газеті және басқа да басылымдарда Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтың баяндамалары мен мақалаларында көрініс тапты.

Қорытынды

Алаш өкілдері халықтың ұлттық санасын мемлекеттік деңгейге көтерді. «Алаш партиясы» – сол кездегі қоғамның мәселелерін шешудің кешенді шаралар жоспарын дайындаған алғашқы саяси ұйым болды. Алашордалықтардың негізгі идеясы халықтың бірлігі идеясы еді. Төтенше қысылтаяң шақтарда алашордалықтар айрықша икемділік таныта отырып өз қағидаларына берік бола білді. Алаш қозғалысының басты мақсаты – мемлекеттің өзін-өзі басқару жүйесін құру, халықтың өзін-өзі айқындау құқығын жақтау, әлемдік тәжірибені қолдана отырып, қазақ қоғамын модернизациялау.

Бірақ Алашорда үкіметіне халықтың барлық қабаттарын біріктіретін қазақ мемлекетін құру мүмкіндігі берілген жоқ. Зорлық-зомбылықты қабылдамай, мемлекеттің таптық негізін терістей отырып, Алаш өкілдері қоғамдағы бір таптың өктемдігіне қарсылық білдірді. Бұқараның білімсіздігі, саяси күрес орталығынан алшақтық, бытыраңқылық және саяси күрестің нақты бағдарламасының болмауы «Алаш» партиясының большевиктерге қарсы жүргізген саяси күресінде жеңіліске әкелді. Қалыптасқан жағдайға байланысты кеңес үкіметінің басқарушылық ерекшеліктеріндегі идеологиялық бағыт-бағдарын қабылдай отырып, Алашордалықтар оны ұлттық болмысқа, жергілікті халықтың мүддесіне сай икемдеуге тырысты.

Қазақ интеллектуалдары халықтың ұлттық тарихын, мәдениетін және дәстүрін зерделеуде және насихаттауда көптеген жұмыстарды атқарды. Десек те көптеген табиғи құқықтарынан айрылған қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау тоталитарлық режим тарапынан буржуазиялық немесе ұлтшылдық мінез-құлық деп танылды. Солай кеңестік идеология қазақ интеллигенциясының ұлтқа қызметін халқына жасалған қарсы іс-әрекет етіп көрсетуге тырысты.

1929 жылы Бутырка түрмесінде жатқан Міржақып Дулатов әйгілі «Ұрпаққа хат» деп аталатын хатында ұлтына қызмет туралы ашына отырып жазады: «осылардың бәрін көріп-біліп, сезініп өскен байғұс басым өзімнің тақыл-тұқыл білімімді осынау қорланған, намысы тапталған, мүсәпір болған халқыма бағыштап, қол ұшымды беруді өзімнің перзенттік парызым деп са-

надым... Ғұмыр болса, дәм жазса – ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адассам – халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын» [10].

Қазақ зиялылары жалпыұлттық мақсатқа жету үшін ұлтты ұйыстырудың тетіктерін, яғни ұлтжандылықты, ауызбірлікті, ынтымақтастықты орнықтыруды алдыңғы орынға шығарды. Олар осы қағиданы өз іс-әрекеттерінің, мақсаттарының, жан-дүниесінің үнемі бағыттаушы күші ретінде ұстанды да. Әлихан Бөкейхановтың ой-тұжырымдарының негізгі алтын қазығы – еркіндік идеясы болды. Ол: «Жұрттың тірлік күйде, я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады» деген еді [11, 48 б.]

Қазақ интеллигенциясының қоғамдық санаға ендірген ұлттық дәстүр мен ұлттық құндылықтарға байланысты саяси-философиялық ойлары бүгінде өз жемісін беріп отыр. Қазақ интеллигенциясы қалыптастырған тәуелсіздік идеясы жылдар бойына ұлттың тарихи жадында сақталып келіп, ұлтжанды азаматтарды қалыптастыруға ықпал етуде. Олардың саяси-философиялық ойларының Тәуелсіз Қазақстан тарихында өз құндылығын жоймауының себебі де осы.

Әдебиеттер тізімі

1 Асылбеков М.Х. Политические взгляды А. Букейханова // Материалы междунар. науч. конф. «Алаш-Орда и проблемы казахской государственности и культуры». – Алма-Ата: Жеруыйк, 2009. – С. 8–13.

2 Аймауытов Ж. Журнал туралы. // Абай. – 1918 ж. – № 1.

3 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 401 б.

4 Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алма-Ата, 1935. – С. 17.

5 Нурышева Г.Ж. Общественное сознание казахского общества начала XX века. – Алматы, 2001. – 74 с.

6 XX ғасырдағы қазақ философиясы // З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2016. – 391 б.

7 Байтұрсынов А. шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер // Құраст., Ә.Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

8 Қазақ газеті. – 1913. – №2.

9 Усеинова Г.Р. Эволюция политических взглядов А.Н. Букейханова // Право и государство. – № 2 (59), 2013. – С. 85.

10 <https://bugin.kz/2652-mirdgaqyp-dulately-urpaqqa-khat>

11 Нысанбаев Ә. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002. – 42–73 бб.

12 Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения. V т. / Әлихан Бөкейхан. - Толықт. үшінші бас. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. – Қазақша, орысша. – 153- 157 бб.

13 Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения. IV т. / Әлихан Бөкейхан. - Толықт. үшінші бас. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. – Қазақша, орысша. – 33-36 бб.

14 Ақмағанбет Р. Алаш демократиясы. Өркениетті қоғам құру жолында. – Алматы: AmalBooks баспасы, 2022. – 296 б.

Transliteration

1 Asylbekov M.H. Politicheskie vzglády A. Býkeihanova [Political Views of A. Bukeikhanov] // Materialy mejdýnar. naých. konf. «Alash-Orda ı problemy kazahskoi gosýdarstvennosti ı kúltúry». – Alma-Ata: Jerýyk, 2009. – С. 8-13.

2 Аймауытов J. Jýrnal týraly [About the Magazine]. // Abai. – 1918 j. – № 1.

3 Аймауытов J. Мағжанның ақындығы týraly [About Magzhan's Poetry] // Мағжан Jumabaev. Shyǵarmalary. – Almaty, 1989. – 401 b.

4 Brannin S., Shafiro Sh. Ocherki po istorii Alash-Ordy [Essays on the History of Alash-Orda]. – Alma-Ata, 1935. – S. 17.

5 Nurysheva G.Zh. Public consciousness of the Kazakh society of the beginning of the 20th century [Social Consciousness of Kazakh Society at the Beginning of the Twentieth Century]. – Almaty, 2001. – 74 b.

6 HH ǵasyrdaǵy qazaq filosofiasy [Kazakh Philosophy of the 20th Century] // Z.K. Sháykenova jáne S.E. Nurmuratovtýn jalpy redaksiyasymen. – Almaty: QR BGM GK Filosofia, saiasattany jáne dintany Instityty, 2016. – 391 b.

7 Baitursynov A. shyǵarmalary: óleńder, aýdarmalar, zertteýler [Baitursynov A. works: poems, translations, studies] // Qurast., Á.Sháripov, S. Dáyitov. – Almaty: Jazyshy, 1989. – 320 b.

8 Qazaq gazetі [Kazakh Newspaper]. – 1913. – №2.

9 Ýseinova G.R. Evolúsiya politicheskikh vzgládov A. N. Býkeihanova [The Evolution of the Political Views of A. N. Bukeikhanov] // Pravo ı gosýdarstvo, № 2 (59), 2013. – S. 85.

10 [https://bugin.kz/2652-mirdgaqyp-dulatuly-urpaqqa-khat\[mirjakyp-dulatuly-letter to posterity\]](https://bugin.kz/2652-mirdgaqyp-dulatuly-urpaqqa-khat[mirjakyp-dulatuly-letter to posterity]).

11 Á. Nysanbaev. Jahandany jáne qazaqstannyn ornyqty damy [Globalization and Sustainable Development of Kazakhstan]. – Almaty, 2002. – 42-73 bb.

12 Bokeikhan A. Shyǵarmalar – Works [His works are Sochinenia]. V t. / Alikhan Bokeikhan.-Tolykt.ushinshi bass. – Astana: “Alashorda” kogamdyk kory, 2018.-Kazakhsha, oryssha. – 153-157 bb.

13 Bokeikhan A. Shyǵarmalar – Works [His Works are Sochinenia. v.]. IV t. / Alikhan Bokeikhan. - Tolykt.ushinshi bass. – Astana: “Alashorda” kogamdyk kory, 2018. – Kazakhsha, oryssha. – 33-36 bb.

14 Ақмағанбет R.Alash demokratijasy. Órkenietti қоғам құру zholynда [Democracy of Alash. On the Way to Create a Civilized Society]. – Almaty: AmalBooks baspasy, 2022. – 296 b.

Нурышева Г.Ж., Тайженбетова А.Б.

Социально-философские идеи казахской интеллигенции начала XX века и их влияние на общественное сознание

Аннотация. Существенное влияние на общественное сознание оказали национально-демократические идеи интеллигенции Казахстана в начале прошлого века. Они послужили основой для организации общества на высоком уровне. Творческие исследования казахской интеллигенции, рассматривавшей пути создания национального государства в период распространения различных мнений, точек зрения и теорий, оказали эффективное воздействие на общественное сознание и открыли путь для формирования и самоопределения нации в будущем.

В статье представлен философский анализ идеологических аспектов политической и культурной жизни представителей казахской интеллигенции, стремившихся создать национальную государственность, выступив против тоталитарного режима. Националь-

ные и либерально-демократические идеи правительства Алашорды имеют большое значение для политического развития сегодняшнего независимого Казахстана.

В периоды политической нестабильности социально-философские мысли и позиции казахской интеллигенции становятся главным ориентиром для общества и заложили основу для распространения духа заинтересованности, консолидации нации вокруг общих ценностей. Адаптация казахской земли к новым политическим и культурным изменениям при сохранении политической независимости, территориальной целостности и национальных ценностей объединила их ради общей цели и общей идеи. Усилия, направленные на то чтобы добиться свободы, равенства, политической грамотности народа, свободы слова и печати, сохранения прав человека и национальных ценностей, обеспечения равных возможностей, свободы женщин показывают широкий размах идеологической направленности учения интеллектуалов.

Авторы, изучая влияние социально-философских идей казахской интеллигенции на общественное сознание, оценивают роль в консолидации нации и просветительский потенциал интеллигенции.

Ключевые слова: казахская интеллигенция, партия «Алаш», Алашорда, советское правительство, общественное сознание, социально-философские идеи, национальные ценности.

Nuryшева G., Taizhenbetova A.

Social and Philosophical Ideas of the Kazakh Intelligentsia of the Early Twentieth Century and Their Influence on Public Consciousness

Annotation. The national democratic ideas of the intelligentsia of Kazakhstan at the beginning of the last century had a significant influence on public consciousness. They served as the basis for organizing society at a high level. The creative research of the Kazakh intelligentsia, which considered ways to create a national state during the period of dissemination of various opinions, points of view and theories, had an effective impact on public consciousness and opened the way for the formation and self-determination of the nation in the future.

The article presents a philosophical analysis of the ideological aspects of the political and cultural life of representatives of the Kazakh intelligentsia, who sought to create national statehood by opposing the totalitarian regime. The national and liberal democratic ideas of the Alashorda government are of great importance for the political development of today's independent Kazakhstan.

During periods of political instability, the socio-philosophical thoughts and positions of the Kazakh intelligentsia become the main reference point for society and laid the foundation for the spread of a spirit of interest and consolidation of the nation around common values. Adaptation of the Kazakh land to new political and cultural changes while maintaining political independence, territorial integrity and national values united them for a common goal and a common idea. Efforts aimed at achieving freedom, equality, political literacy of the people, freedom of speech and press, preservation of human rights and national values, ensuring equal opportunities, freedom of women show wide scope of the ideological orientation of the teachings of intellectuals.

The author examines the impact of the socio-philosophical ideas of the Kazakh intelligentsia on public consciousness, assesses the role of the nation in the consolidation, the educational potential of the intelligentsia.

Keywords: Kazakh intelligentsia, Alash movement, Alash Horde government, public consciousness, socio-philosophical views, national values.